



Мемлекеттік тіркеу
туралы куәлік №:
KZ.16.01.95.003.E.000379.05.18

РАСТИТЕЛЬНЫЕ ПАСТИЛКИ ОТ КАШЛЯ

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Осы тағамға биологиялық белсенді қоспаны қолдану алдында
нұсқаулықты толығымен мұқият оқып шығыңыз, себебі, нұсқаулықта Сіз үшін маңызды ақпарат бар.

Құрамы: әр пастилкасының құрамында:

Жалаң мия	10 мг;
Дәрілік эмблика	10 мг;
Тамырлы адатода	10 мг;
Масақты жалбыз	5 мг;
Дәрілік зімбір	7 мг;

қосымша заттектері: қант, сұйық глюкоза, тазартылған су, хош иістендіргіш лимон немесе апельсин, хош иістендіргіш бал, хош иістендіргіш жалбыз, тағамдық бояғыш Тартразин Supra немесе қызыл-сарғылт Supra.

Қолдану аясы: тағамға биологиялық белсенді қоспа жоғарғы тыныс алу жолдары қызметінің жағдайын жақсарту үшін қолданылады, және де иммунитетті арттырады.

- **Жалаң мия (*Glycyrrhiza Glabra*)** – өсімдіктің барлық бөліктерінде органикалық қышқылдар (глицирризин қышқылы, оның калийлі және кальцийлі тұздары), флавоны қосылыстар, гликозидтер (ликвиринит, ликвиритигенин, ликвиритозид), дәрумендер, эфир майы, ащылықтар, кумариндер, т.б. бар.
- **Дәрілік эмблика (*Embllica Officinalis*)** - иммунитетті реттейтін және жалпы нығайтатын әсері бар, құрамында С дәрумені бар.
- **Тамырлы адатода (*Adhtoda Vasica*)** – жапырағында хиназолиннің туындылары (вазицинон, пеганин, вазицин, визицинол) – алкалоидтар мен эфир майларының үлкен мөлшері бар. Гүлшесінде кемпферол, кверцетин гликозидтер табылған.
- **Масақты жалбыз (*Mentha Viridis*)** - құрамында L-карвон (50-70%), дигидрокарвон, ментол, ментон, лимонен, цинеол, линалол, пинендер, фелландрен бар. Ментол – дәстүрлік ингредиент, тітіркенген көмейді тыныштандыратын және жұмсартатын қабілеті бар, жайлы салқындататын әсерді қамтамасыз етеді.
- **Дәрілік зімбір (*Zingiber Officinale*)** – өсімдіктің тамырсабағының құрамында эфир майы (1-3,5%), крахмал, шайырлар, қанттар, С, В1, В2 дәрумендері, алмастырылмайтын амин қышқылдары, минералдар (натрий, калий, мырыш) бар. Эфир майының басты құрамбөліктері - цинеол және цингилберен (70 % дейін) және оған сәйкес алкоголь – цингилберол.

Қарсы көрсетімдері:

- Препараттың құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.
- Егер қандай да бір құрамбөлікке аллергия болса, қолдану алдында дәрігердің мақұлдауы қажет.
- 14 жасқа дейінгі балалық жас.

Ерекше нұсқаулар:

Жүктілікте және бала емізу кезеңінде бұл ББҚ қолдануға болмайды (клиникалық мөлiмeттердің болмауына байланысты).

Препараттың құрамында қант бар екендігін қант диабетіне шалдыққан адамдарға, сондай-ақ, гипокалориялық емдәмді ұстанатын адамдарға ескеру қажет.

Жетелге қарсы препараттармен бір мезгілде қабылдауға ұсынылмайды.

Қолдану тәсілі және мөлшерлемесі:

Ересектерге және 14 жасқа жеткен балаларға маусым аралық мезгілде бастапқы көріністерді: көмейдің тітіркенуін (тамақтың жыбырлауын) немесе басқа көріністерді жеңілдету үшін қолдануға ұсынылады.

Ересектерге: 1 пастилкадан, әр 2 сағат сайын. Тәуліктік жоғары мөлшері – 10 пастилка.

Қабылдау курсы: 2-3 апта.

14 жасқа жеткен балаларға: 1 пастилкадан, әр 4 сағат сайын, күніне 3-4 рет.

Пастилканы толық ерігенге дейін сору қажет.

Шығарылу түрі және қаптамасы:

12 пастилкадан блистерде, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамаға салынған.

250 пастилкадан жеке полиэтилен қаптамада, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге алюминий фольгамен және қақпақпен жабылған пластик банкке салынған.

Сақтау шарттары: құрғақ, күн сәулесінен қорғалған, балалардың қолы жетпейтін жерде, 25°C-тан аспайтын температурада сақтау қажет.

Жарамдылық мерзімі: 36 ай. Сериясының нөмірі мен жарамдылық мерзімі қаптамасында көрсетілген.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Босатылу шарттары: рецептісіз.

Сауда белгісінің иесі:

Belinda Laboratories LLP.,
Gary Clarke, Astra House, Arklow Road, SE14 6EB
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:

Lozen Pharma Pvt. Ltd.
Raghav Estate, K.S.S.I.D.C Industrial
Estate, Shiggaon Road, Савануп – 581118,
Үндістан.

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7, ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247
Тел: +7 (727) 300 69 71,
E-mail: cepheusmedical@gmail.com